



**ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ  
СЕРІКТЕСТІК**


**2023**



# 2023 ЖЫЛҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ



### Кадрлардағы жергілікті қамту үлесі:



# БАС ДИРЕКТОРДЫҢ АЛҒЫСӨЗІ



**Марко Марсили**  
КПО бас директоры



## Құрметті оқырмандар!

Біздің негізгі миссиямыз – КПО қоршаған ортаны қорғауға, экономикалық табысқа және жергілікті қауымдастықтар үшін әлеуметтік-экономикалық өсуіне ықпал етуге баса назар аудара отырып, Қарашығанақ кен орнын дамытуды міндеттейді.

2023 жылғы жаһандық сын-қатерлерге қарамастан, өндірістік мақсаттарымызға жетіп, Қарашығанақты кеңейту жобасы (ҚКЖ-1) аясында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткіздік. ҚКЖ-1А (5-компрессор) мен басқа да іліспе объектілердің құрылысының негізгі кезеңдерге сәтті қол жеткізу, КПО мен сыйлы серіктестеріміздің жобаларды жүзеге асырудағы озық мүмкіндіктерін көрсетеді.

2023 жылы КПО **142,698 млн. мұнай эквивалентіндегі баррель** өнім өндірді. **12 650,072** млрд. текше метр құрғатылған қышқыл газ қабатқа кері айдалды, бұл жалпы өндірілген газ көлемінің шамамен **56,5%** тең. Осылайша, озық технологиялардың арқасында жоғары өнімділік нәтижелеріне қол жеткіздік.

Ұзақ үзілістен кейін Қазақстан Республикасы мен Германия арасындағы үкіметаралық байланыстар аясында, шамамен **1 миллион метрикалық тонна** шикі мұнай Адамов заставасына (Польша) сәтті жеткізілді.

Қоршаған ортаға әсерді азайту және тиімділікті үздіксіз арттыру мақсатында кешенді экологиялық менеджмент жүйесін енгіздік. Шығарындыларды азайту, қалдықтарды жою және жаңа технологияларды қолдану – компанияның басты назарындағы бағыттар. КПО-ның CO<sub>2</sub> шығарындылары бойынша арнайы көрсеткіші жалпы алғанда өндірілген көмірсутектің мың тоннасына шаққанда 65 тоннаны құрады. Шығарындыларды азайту бойынша шешімдер мен технологияларды сәтті жүзеге асыру арқылы КПО газды кәдеге жарату бойынша **99,95%** көрсеткішке қол жеткізді және әлемдік деңгейдегі Компанияның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ете алды.

КПО Қарашығанақ кен орнын игеруге Қазақстандық жеткізушілер мен өндірушілерді жұмылдыру мақсатында белсенді жұмыс атқарып келеді. 2023 жылы КПО-ның тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша келісім-шарттарындағы жергілікті қамту үлесі **63,24% -ды** құрады.

Сізді осы кітапшаны зерделеп оқып, танысуға шақырамын. Кітапшада берілген ақпарат қазір тұрған деңгейіміз бен Компанияның негізгі қызметтерін қалай басқаратынымызды жете түсінуге көмектеседі деп сенемін. Толығырақ ақпаратты КПО-ның жыл сайынғы тұрақты даму есебінен және [www.kpo.kz](http://www.kpo.kz) веб-сайтынан табуға болады.



## 2023 ЖЫЛДЫҢ МАҢЫЗДЫ СӘТТЕРІ

### ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫНА САПАРЫ

2023 жылғы 9-наурызда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнында болып, «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) компаниясының өндірістік қызметімен танысты.

Сапар аясында Мемлекет басшысы Қарашығанақ өңдеу кешенін аралап, сұйық көмірсутектер өндірісінің жоғары деңгейлі мерзімін ұзартуға бағытталған ағымдағы даму жобалары туралы ақпарат алды.

Сондай-ақ, Президентке Қарашығанақта тазартылған газ бен сұйытылған мұнай газ (СМГ) өндіретін газ өңдеу зауытын салу жоспары туралы баяндалды. Мемлекет басшысы осы бастаманың маңыздылығын атап өтіп, Үкімет тарапынан барынша қолдау көрсетіледі деп сендірді.

Сапар соңында ҚР Президенті КПО жұмысына жоғары баға беріп, компания ұжымына Қарашығанақ кен орнын игеруде одан әрі табыстарға жете беруін тіледі.

### КПО ЖЕЛ ЭНЕРГЕТИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІН ЗЕРТТЕУ

Жаңартылатын энергия көздері, әсіресе жел, «Жасыл КПО-ның» тұжырымдамасы аясында шығарындыларды азайтудың қосымша мүмкіндігі ретінде қарастырылады. Өңірдегі жел энергетикасының әлеуетін бағалау мақсатында КПО «Желді өлшеу науқаны» жобасын бастады. Жұмыстар өткен жылы өндірісті дамыту, жобаларды жүзеге асыру директорының жобалау, электр энергиясын өндіру бөлімдерімен және электр жабдықтары секциясымен бірлесіп жүргізілді. 2023 жылдың наурыз айында барлық негізгі параметрлер бойынша деректерді жинау жүзеге асырыла бастады.

Бестау ауылының маңында Ақсай-Орынбор тас жолының 14-шақырымында метеорологиялық діңгек сәтті түрде орнатылды. Науқан ҚР нормативтік талаптарына және халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылып, жалпы алғанда бір жылға созылады. Жиналған деректер ҚМГКК айналасындағы аумақтағы желдің энергетикалық әлеуетін түсінуге және Қарашығанақ кен орнында жаңартылатын энергия көздерін енгізу туралы түпкілікті шешім қабылдауға көмектеседі.



## URALSK GREEN FORUM ШАРАСЫ



Бірнеше жылдан бері КПО компаниясы Uralsk Green Forum экологиялық форумның демеушісі болып келеді. Алтыншы форум маусым айында БҚО-ның облыс орталығында өтіп, шараға 200-ге жуық адам қатысты. Форумның күн тәртібінде негізінен «ESG қағидаттары мен тұрақты даму интеграциясының жаңа тенденциялары» тақырыбы қарастырылды.

Форумның мақсаты – ESG өңірдегі орнықты даму қағидаттарын және өңірдегі көміртегі шығарындыларын азайту жобаларын қолдану перспективалары, сондай-ақ қалдықтарды

басқару әдістерін жетілдіру және ОҚТ-ны тәжірибеде қолдану мүмкіндіктерін талқылау болды.

Форум аясында БҚО әкімдігі мен КПО компаниясының арасында шығарындыларды қысқартуға бағытталған жобаларды дамыту бойынша ынтымақтастық туралы Меморандумға және қайта өңделген өнеркәсіптік қалдықтарды қайталама шикізат ретінде пайдалану саласындағы ынтымақтастық пен өзара әрекеттестік туралы Келісімге қол қойылды.



## БӨКЕЙОРДАДАҒЫ «ХАН ОРДАСЫ» МҰРАЖАЙ КЕШЕНІНДЕГІ ВИЗИТ ОРТАЛЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫН АЯҚТАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ



2023 жылдың 16-қазанында КПО Бөкейордадағы өңірде іске асырылатын әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар аясында салынған «Хан Ордасы» деп аталатын бірегей визит орталығының құрылысын сәтті аяқтап, пайдалануға ұсынды.

«Хан Ордасы» визит орталығының ғимараты — бірегей және заманауи мемориалдық залымен, конференц-залымен, кітапханамен, кеңсемен, асханамен жабдықталған кешен.

Бұл жоба Қазақстан Республикасының туризмді дамыту және тарихи-мәдени мұраларды сақтау мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлік туристендіру картасының ТОП-50 тізіміне енгізілген болатын.

Бүгінде Қарашығанақ Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуында маңызды рөл атқарады. КПО әлеуметтік жобаларының тізбесі мен олардың басымдығын Батыс Қазақстан облысының әкімдігімен келісіледі. Бұл ретте жобаларды жүзеге асыруға тек қазақстандық мердігерлер тартылатынын айта кеткен жөн. КПО ұзақ уақыттан бері жергілікті компаниялармен қоян-қолтық жұмыс істейді, олардың жұмыстарын, тауарлары мен қызметтерін сатып алады, бұл әлеуметтік жауапты бизнес стратегиясының үлгісі болып саналады.



## ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗҒА САЙ БОЛУ

### АДАМДАРҒА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ

Ынталы әрі білікті адамдар – компания тірегі

### НӨЛДІК КӨРСЕТКІШ

Адамдар мен қоршаған ортаға зиян келтірмеу



- Ұлттандыру
- Даму және өнімділік
- Талқыға тарту
- Әралуандық және тең мүмкіндіктер
- Этикалық нормалар және нормативтік-құқықтық сәйкестік



- Қауіпсіздік мәдениеті
- Бизнес серіктестер
- Жабдықты қорғау
- ҚОҚ-тың жоғары деңгейі
- Денсаулықты сақтау

## ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ

### МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР

Әлеуметтік жауапкершілік және мүдделі тараптарды тарту



- ҚР
- PSA
- Бас компаниялар
- БҚО және жергілікті халық
- Ішкі байланыс

## ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

### ШЫҒЫНДАРДЫ БАСҚАРУ

Қаражатты ұтымды игеру және жергілікті әлеуетті дамытуға жәрдемдесу



- Келісім-шарттар
- Цифрландыру, жеңілдету
- Шығындарды оңтайландыру
- Жергілікті қамту
- Қорлар

## БОЛАШАҚТЫ ҚҰРУ

### КІРІСТЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Өндірісті арттырып, кеңею жобаларын іске асыру

### ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БЕТБҰРЫС

Көміртек ізін азайту



- Пайдалану тиімділігі
- Нысандарды оңтайландыру
- Жобаларды іске асыру
- Газ жобасы
- Экспорт бағдарлары



- Шығарындылардың нөлдік деңгейіне жетуге ұмтылу
- Қуат стратегиясы
- Шығарындыларды азайту стратегиясы
- Су стратегиясы
- Қалдық ресурстары стратегиясы





# БІЗДІҢ ӨНІМДЕР ЖӘНЕ ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР

КПО тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектерді, сондай-ақ шикі газ және отын газын өндіреді және өңдейді.



2023 жылы **9,62 млн тонна** немесе **76,13 млн баррель** көлемінде шикі мұнай КҚК құбыры арқылы батыс нарықтарына Қара теңіздегі Новороссийск порты арқылы экспортталды. Сондай-ақ, КПО 0,99 млн тонна мұнайды Атырау–Самара бағытымен Дружба құбыр желісі арқылы Адамов заставасының бекетіне жеткізді. Межелі орын – Германиядағы сатып алушыға экспортталды (Шведт мұнай өңдеу зауыты). Оған қоса 0,04 млн тонна немесе 0,29 млн баррель Атырау–Самара құбыр желісі арқылы Балтық теңізіндегі Усть-Луга портына әрі қарай Еуропалық Одаққа жеткізу үшін экспортталды.



Қарашығанақ-Атырау тасымалдау жүйесінің (ҚАТЖ) өнімді өткізу қуатын арттыру бойынша бұрын басталған жоба аясында КПО «ҚазТрансОйл» АҚ цистерналарға құю-ағызу торабына қосылу бойынша жұмыстарды аяқтады. Бұл «КПО-КҚК-ҚТО» жүйесі инженерлік коммуникацияларды, КПО-КҚК-ҚТО жер үсті және жер асты құбыр жүйесі мен 2022 жылдың қарашасынан бастап пайдалануға берілген ілмекті арматура тораптарын қамтиды.



Бұл жалғаныс ҚТО резервуарлар паркіне жеткізілуін қамтамасыз етеді және теміржол көлігі мен Қазақстан-Қытай құбыржолы арқылы Қарашығанақ мұнайының балама бағыттар бойынша экспорттауға қосымша мүмкіндіктер береді. 2023 жылы экспортталған 9,62 млн тоннаның 0,13 млн тоннасы ҚТО жалғаныс (Қасымов станциясы) арқылы Каспий құбыр желісі консорциумына (КҚК) жеткізілді.



Қабат қысымын ұстап тұру мақсатында КПО 2023 жылы жер қабатына шамамен **12,6 млрд м³** газды кері айдады, бұл жалпы алынған газдың шамамен **56,5%-на** тең.



Шикі газды Ресей Федерациясында орналасқан Орынбор газ өңдеу зауытына тасымалдау үшін Қарашығанақ-Орынбор тасымалдау жүйесі (ҚОТЖ) арқылы КПО мен «КазРосГаз» бірлескен кәсіпорны ұзақ мерзімді Қарашығанақ газын сатып алу-сату туралы Келісім негізінде жүзеге асырылады. 2023 жылы КПО компаниясы өңдеу мақсатында «КазРосГаз» Орынбор Газ Зауытына 8,8 млрд м³ шикі газды сату арқылы бастапқы болжамдардан асып түсті.



Қарашығанақ өңдеу кешенінің жөндеу жұмыстары кезінде, ребойлерлерді жуу және жаңа ұңғымаларды іске қосу жұмыстарына байланысты, тұрақтандырылмаған конденсат «Конденсат» АҚ МӨЗ-на жеткізілді.



Күкіртсіз газ (күкіртті сүтектен тазартылған), Газ турбиналы электр станциясында электр қуатын өндіру үшін КПО объектілерінің қажеттіліктеріне және ӨБТК міндеттемелерін орындау шеңберінде жергілікті электр қуатын таратушы компанияларына экспорттау үшін қолданылады.

## КПО ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРІ

Көмірсутекті өндіру мен өңдеу жұмыстары бір-бірімен байланысқан негізгі үш қондырғыда іске асады: Қарашығанақ өңдеу кешені (ҚӨК), ГКДҚ-2 және ГКДҚ-3. Кен орны құбыр жүйесінің ұзындығы шамамен 2000 шақырымды құрайды.

Бұл жүйе негізгі өндірістік объектілер мен ұңғымаларды байланыстырады. Сондай объектілердің өзара қатарына Мұнайды бастапқы өңдеу станциясы (МБӨС) мен Экоорталық жатады.

### 2023 жылдың аяғына қарай Қарашығанақ кен орнының жалпы қоры



**ұңғымалардың қоры 572**



оның ішінде **126 өндіру** мен



**21 шикі газды кері айдау ұңғымалары** жұмыс істейді



## ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨНІМДІ САТУ

### 2023 жылғы өндіріс көлемі

		2021	2022	2023
<b>Жалпы өндіріс көлемі*</b>	млн. б.м.б.	134,1	128,5	<b>142,7</b>
<b>Тұрақтандырылған мұнайдың жалпы көлемі</b>	мың т	10 338	10 134	<b>10 858</b>
<b>Жалпы өндірілген газ көлемі</b>	млн. ст. м <sup>3</sup>	18 980	19 442	<b>22 385</b>
<b>Кері айдалған газ</b> Сатылмаған, қабатқа кері айдалған газ көлемі	млн. ст. м <sup>3</sup>	9 998	11 131	<b>12 650</b>
<b>Өндірілген отын газы көлемі</b>	млн. ст. м <sup>3</sup>	789,0	842,9	<b>918,9</b>

\* Жалпы өндіріс көлемі көрсеткіштерінде қабатқа кері айдалған газ көлемі есептелмеген

### 2023 жылғы сатылымдар

		2021	2022	2023
<b>Жалпы сатылымдар көлемі</b>	млн. б.м.б.	130,7	124,9	<b>136,7</b>
<b>Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер</b> «Конденсат» АҚ МӨЗ-на жеткізілген конденсат	мың т	1,5	30	<b>104</b>
<b>Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер</b> КҚК және Атырау-Самара құбыры арқылы жеткізілетін мұнай және тұрақтандырылған конденсат	мың т	10 366	10 171	<b>10 648</b>
<b>Орынбор ГӨЗ-на жіберілетін тазартылмаған газ</b>	млн. ст. м <sup>3</sup>	8 182	7 455	<b>8 805</b>
<b>БҚО тұрғындары қажеттіліктеріне берілетін тазартылған газ</b>	млн. ст. м <sup>3</sup>	70	70	<b>65</b>

## ҚАРАШЫҒАНАҚТАҒЫ ӨН- ДІРІСТІҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙЛІ МЕРЗІМІН ҰЗАРТУҒА БАҒЫТ- ТАЛҒАН ЖОБАЛАР

КПО компаниясы даму саласындағы жобаларды ойдағыдай іске асырды. Қарашығанақ газы бойынша өндірістік шектеулерді алу (ҚГӨША) жобасы 2021 жылдың наурызында сәтті аяқталып, пайдалануға берілді. Бір жылдан кейін 2022 жылдың мамырында 4-газды кері айдау компрессорын (4-компрессор) салу жобасы сәтті аяқталып, іске қосылды.

Қазіргі уақытта Қарашығанақты кеңейту жобасы-1А (ҚКЖ-1А) мен Қарашығанақты кеңейту жобасының-1Б (ҚКЖ-1Б) құрылысы жалғасуда. Бұл жобалар сұйық көмірсутектер өндірісінің жоғары деңгейлі мерзімін ұзартуға бағытталған 5-ші және

6-газды кері айдау компрессорлары мен басқа да ілеспе қондырғыларды орнатуды қамтиды. Бұл жобалар айтарлықтай үлес қосып, Қазақстан Республикасы мен Қарашығанақ жобасы бойынша серіктестерге қосымша табыс әкелмек. Сонымен қатар, бұл жобалар қазақстандықтар үшін жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Жобаларды іске асыру кезіндегі КПО-ның басым мақсаттарының бірі – жергілікті мердігерлердің бәсекеге қабілеттілігін жақсарту мақсатында жергілікті қамтуды барынша арттыру. ҚКЖ-1А 2024 жылы, ал ҚКЖ-1Б 2026 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

### ҚАРАШЫҒАНАҚ ГАЗ ӨңДЕУ ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС ЖОБАСЫ

КПО компаниясы жылына ~4,5 млрд текше метр газ ресурстарын монетизациялау арқылы Қарашығанақ кен орнының құнын арттыру мүмкіндігін анықтады. Мұндай газды жаңа өңдеу зауытында өңдеуге болады, бұл 2028 жылдан кейін КПО сұйық көмірсутектердің (конденсат)

өндіру қуатын одан әрі кеңейтеді. Қолданыстағы ҚӨК зауытынан жеткізілетін қышқыл газды, конденсатты және күкіртті ЖККФ өңдеу үшін қосымша қондырғылар қажет, сол мақсатта жаңа ГҚДҚ-4 қондырғысы қолданыстағы ҚӨК зауыттың жанында орналасады деп күтілуде.



Қарашығанақ газ өңдеу зауытының жобасы бірнеше кіші жобалардан тұрады: газ өңдеу зауыты, жаңа ГҚДҚ-4 қондырғысы, ҚӨК мен ГҚДҚ-3 орналасқан жалғаныстар, құбыржолдар, ҚМС, экспорттық газ жалғаныстар мен «Қарашығанақ-Орал» газ құбыржолы, газ бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау жобасы, электроэнергияға деген қажеттілігі, СМГ айдау және тиеу оған СМГ тиеу желісі кіреді және теміржол инфрақұрылымы.

2023 жылы Қарашығанақ газ өңдеу зауытының жобасының тиімділік көрсеткіштерін тексеру шаралары басталды, 2024 жылы бұл шаралар жалғасады және соңғы инвестициялық шешім қабылданады. Сонымен қатар, бұл жоба қазақстандықтар үшін жұмыс орындарын ашу мүмкіндіктерін ұсынады.

## ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Қарашығанақ сияқты техникалық тұрғыдан күрделі кен орнын игеру және пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау басты басымдылық пен маңызды аспект болып табылады. Табиғатпен үйлесімді жұмыс істеу күрделі бірақ қажетті алғышарт. Бұл саладағы КПО-ның көптеген жетістіктері Қазақстандағы сала бойынша әріптестерімен қатар халықаралық деңгейде де танылды.

КПО оператор қызметін иеленген 1998 жылдан бастап 2023 жылға дейін кәсіпорын қоршаған ортаны қорғау шараларына **452,6 млн АҚШ долларынан** астам инвестиция салды. Қазақстанның ресми саясатына айналған «Жасыл экономика» тұжырымдамасы Қарашығанақта жоба басталғаннан бері әрқашан КПО-ның

өндірістік қағидаларының бір бөлігі болды. КПО өз қызметтерін аймақтағы биотүрлілігін сақтап, орта экожүйесіне барынша аз ықпал етуге көп көңіл бөледі. Сондықтан да кен орны аймағында «Қызыл кітапқа» енген сирек, соның ішінде жойылып кету қаупі бар жануарларды кездестіруге болады.

Компания тек заманауи әлемдік деңгейдегі танымал ең озық технологияларды қолданады. Сондай-ақ шығарындыларын азайту, қалдықтарды қайта пайдалану және жаңа технологияларды енгізуге бағытталған шараларға жіті назар аударылады. 2023 жылы Қарашығанақ кен орнындағы газды кәдеге жарату көрсеткіші 99,95%-ды құрады, бұл – әлемдік деңгейдегі көрсеткіш.

### 2013–2023 жж, газды кәдеге жарату және жағу



## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕЛЕРІ



Компания қауіп-қатер факторларын ерте кезеңде анықтауды, қоршаған ортаға тиетін кері әсерді жоюды және осы саладағы көрсеткіштерді үздіксіз жақсартуды көздейтін экологиялық және энергетикалық менеджмент жүйелерін іске асырып келеді.

2023 жылғы тамызда КПО ISO 14001: 2015 және ISO 50001:2018 стандарты талаптарына сәйкестік бойынша қайта сертификаттау аудитін сәтті аяқтады. Аудит нәтижесінде компанияда бір де бір ережеге сәйкессіздік анықталған жоқ, ал КПО-ның экологиялық және энергетикалық менеджмент жүйелері тиімді деп танылды және халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізілетіні расталды.

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

## АТМОСФЕРАҒА ШЫҒАРЫНДЫЛАР

2023 жылғы қоршаған ортаны қорғау шараларын жүзеге асыру Компанияға келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:



**2 486**  
ТОННА

Ұңғыма операцияларын жүргізу кезінде көлемдік үлесі жоғары газды алу үшін жер үсті сорғысын пайдалану шығарындылардың 2486 тоннаға азаюына әкелді.



**530**  
ТОННА

Қабатқа әсер ету үшін көмірсутек негізіндегі сұйықтықты қолдану (Lamix немесе Diesel) атмосфераға шығарындыларды 530 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді.

## ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖӘНЕ АҒЫНДЫ СУЛАРДЫ БАСҚАРУ

КПО түзілетін қалдықтардың адамдар мен қоршаған ортаға тиетін нақты және ықтимал қауіпін азайтуға барынша күш салады. Компанияда қалдықтарды өңдеудің келесі әдістері қолданылады, атап айтқанда:



Қалдықтарды өндірісте қайта пайдалану;



Қалдықтарды Экоорталық қондырғыларында өңдеу;



Қалдықтарды Экоорталық объектілерінде жою;



Қалдықтарды әрі қарай кәдеге жаратумен, өңдеумен және жоюмен айналысатын арнайы мердігерлік ұйымдарға тапсыру

## 2023 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР:

Қалдықтарды қауіпсіз және тиімді басқару жүйесін ұйымдастыру және қатерлерді азайту мақсатында 2023 жылы КПО келесі негізгі іс-шараларды жүзеге асырды:

Қайта өңделген сұйық қалдықтардың көлемі жоспарланған 3 мың тоннаның

**7,6**  
мың тоннаны құрады;

Қайта өңдеу және (немесе) қайта пайдалану үшін арнайы кәсіпорындарға тапсыру үшін сұрыптауға түскен тұрмыстық қалдықтардан алынып тасталған пайдалы компоненттер көлемі

**116,6**  
тонна

**524,83**  
тонна

сұрыпталған жанғыш және қайта өңделмейтін қалдықтар жалпы мақсаттағы пеште жағуға жіберілді

Мұнай негізіндегі бұрғылау ерітінділерін дайындау үшін қолданылған

**1 486,16**  
тонна

«Lamix» негізгі майы алынып, бұрғылау ерітінділері зауытына/сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысына (СҚТҚ) қайта пайдалануға жіберілді

Сұрыпталып, кейін өңдеуге және қайталама шикізат ретінде қайта пайдалануға жіберілген қалдық көлемі:



**3,64 тонна** металл қалдықтары – бұл көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда 26,7%-ға азырақ (4,966 тонна);



**6,528 тонна** әйнек (әйнек сынықтары) – бұл көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда 5,3%-ға көбірек (6,184 тонна);



**22,52 тонна** пластик, 2022 жылмен салыстырғанда 79%-ға көп (20,88 тонна);



Пайдалы компоненттерді қалпына келтіру/қоқысты өртеу нәтижесінде қоршаған ортаға тасталған қалдықтар көлемі **76%**-ға азайды;



**83,94 тонна** қағаз қалдықтары – бұл көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда 8%-ға азырақ (91,2 тонна);



**519,66 тонна** құрылыс қалдықтары арнайы ұйымдарға қайта өңдеуге және қайта пайдалануға жіберілді;

2023 жылы Қарашығанақ кен орнында бұрғылау ерітінділерін дайындау, теректерді суару және шаң басу мақсатында қайта пайдаланылған тазартылған сарқынды сулардың көлемі




**56 466,94 м<sup>3</sup>** құрады. Тазартылған ағынды сулардың негізгі мөлшері бұрғылау мақсатында, ал қалғаны құрылыс алаңдарындағы шаңды басу үшін және кен орны объектілерінің техникалық қажеттіліктері үшін пайдаланылды.

## ПАРНИКТІК ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

2023 жылғы КПО-ның CO<sub>2</sub> шығарындылары бойынша меншікті көрсеткіші өндірілген КС мың тоннасына шаққанда 65 тонна CO<sub>2</sub> құрады.

Өндірілген көмірсутек шикізатының бірлігіне шаққандағы парниктік газ шығарындыларының үлесі бойынша КПО-ның көрсеткіші еуропалық көрсеткіштерден 14%-ға және халықаралық көрсеткіштерден 44%-ға төмен.

ПГ меншікті шығарындылары, 2021–2023 жж.



■ КПО көрсеткіші – өндірілген мың тонна көмірсутек шикізатындағы CO<sub>2</sub> тоннасы  
 ■ IOGP деректеріне сәйкес көрсетілген Еуропа көрсеткіші – өндірілген мың тонна көмірсутек шикізатындағы CO<sub>2</sub> тоннасы  
 ■ IOGP деректеріне сәйкес көрсетілген әлемдік көрсеткіші – өндірілген мың тонна көмірсутек шикізатындағы CO<sub>2</sub> тоннасы

## ҚОРШАҒАН ОРТА МОНИТОРИНГІ

Өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) бағдарламасына сәйкес КПО жан-жақты қоршаған ортаны қорғау мониторингін жүргізеді. ӨЭБ бағдарламасы аясында өндірістік қызметтердің қоршаған ортаға ықтимал әсерін бағалау мақсатында қоршаған ортаға шығарылатын шығарындыларға (ауаға шығарындылар, сарқынды суларды жіберу, қалдықтарды өңдеу және жою), сонымен қатар қоршаған орта компоненттерінің сапасына (ауа, жер үсті және жер асты сулары, топырақ) бақылау жүргізіледі.

ӨЭБ бағдарламасы сынамалар алу/өлшеу орындарын, анықталу қажет компоненттердің тізімі мен мониторинг жүргізу жиілігін бекітеді.

КПО ауа сапасын аккредиттелген зертхананың көмегімен сынамалар алу және талдау арқылы, сондай-ақ Қарашығанақ кен орнында және санитарлық қорғау аймағы периметрінде орналасқан 18 автоматты экологиялық мониторинг станциялары (ЭМС) арқылы бақылайды. Әрбір станцияда ауа құрамындағы күкіртсутегін (H<sub>2</sub>S), күкірт диоксидін (SO<sub>2</sub>), азот диоксидін (NO<sub>2</sub>), көміртек оксидін (CO)

бақылауға арналған үздіксіз жұмыс істейтін төрт (4) талдағыш орнатылған. Бақыланатын ластаушы заттардың ауа құрамындағы мөлшері жоғары деңгейге жеткен жағдайда ЭМС ескерту дабыл белгісін іске қосады.

2023 жылы КПО келесі негізгі іс-шараларды аяқтады:

Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнында (ҚМГКК) және экспорттық құбыр жолы бойындағы қоршаған ортаға мониторинг 2023 жылғы ӨЭБ бағдарламаларына сәйкес жүргізілді. 2023 жылы жүргізілген жыл сайынғы жоспарланған мониторинг көлемі 100 мыңнан астам сынаманы, 120 мыңға жуық зертханалық тестілеуді және 28 мың аспаптық өлшеуді құрады. Бұдан басқа, өндірістік объектілер мен КПО бөлімдерінің өтінші бойынша қосымша жоспарланбаған 465 сынама алынып, 3000 астам зертханалық тестілеу жүргізілді.

Ауылдық округтердегі ауа сапасы бойынша ай сайынғы бюллетенде, ауылдық округ әкімдіктеріндегі, ауылдық клубтардағы ақпараттық тақталарға ілініп, КПО сайтында ([www.kpo.kz](http://www.kpo.kz)) жарияланады.

## БИОТҮРЛІЛІК

Биотүрлілікті сақтауға бағытталған іс-шаралар жоспары (БСЖ) – экожүйенің бұзылуы мен биотүрліліктің нашарлауының алдын алуға арналған шаралардың бірі. 2020 жылы биотүрлілікті сақтауға бағытталған 2021–2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленді.

БСЖ-ның 2022 жылға арналған жұмыс көлемін орындау шеңберінде флора мониторингі аяқталды, оның мақсаты флора түрлері бойынша деректер қорын жаңарту болып табылады. Зерттеулер нәтижесінде флораның түрлік құрамы түрлілігінде айтарлықтай өзгерістер байқалмады, демек, мекендеу орталары мен фаунаға келтірілген теріс ықпал да анықталмады. Сондай-ақ құстарды қорғау құрылғыларын орнату туралы ұсыныс түсті.



## ЦИФРЛАНДЫРУ

КПО-да жаңа цифрландыру стратегиясы мен жол картасы 2023 жылы әзірленіп, оны барлық мүдделі тараптар қолдаған болатын. Жаңа цифрландыру жол картасы одан әрі даму сатысында тұрған 6 бағытты қамтиды:

- Базалық жобалар
- Өндірісті автоматтандыру және цифрландыру
- Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бизнес-процестерді автоматтандыру
- Көмекші бөлімшелердің процестерін цифрландыру
- Әдістеме мен құралдарды енгізу
- Жобаларды қолдау шаралары

Сондай-ақ, жаңа цифрландырудың бағдарламасы телеметрия жобасы сияқты цифрландырудың бастапқы кезеңінен қалған жобалардың аяқталуын қамтиды. Телеметрия жобасының II кезеңінің қазіргі мәртебесі: жобалау жұмыстары аяқталды, материалдар жеткізілді, датчиктерді орнату жұмыстарының 2024 жылға жоспарланған көлемі аяқталды.

# ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ДАМУ

2023 жылдың соңына қарай Компанияның өзінде және уақытша жобаларда жұмыс жасап жатқан КПО жұмыскерлерінің жалпы саны:



3 894 қазақстандық жұмыскерлер  
186 құрушы компаниялардың іссапарға жіберген жұмыскерлері

Картада Қазақстан Республикасында тұратын түрлі өңірлер бойынша КПО жұмыскерлерінің пайыздық арақатынасы көрсетілген.



## КАДРЛАРДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ҮЛЕСІ

КПО-ның 2020–2025 жылдарға арналған кадрлардағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасын 2020 жылы Өкілетті органдар мақұлдады. Аталмыш бағдарлама шеңберінде 2023 жылы шетелдік мамандар атқарған 12 лауазымға жергілікті жұмыскерлер тағайындалып, 2 лауазым қысқартылды. 2023 жылдың аяғында

жергілікті кадрлар жалпы штаттың 95%-ын құрады. Жалпы, 1999–2023 жылдар аралығында КПО-ның 269-дан астам шетелдік маманы жергілікті қызметкерлермен алмастырылды және шетелдік мамандар атқарған 303 лауазым қысқартылды.

Жұмыскерлер санаттары бойынша КПО-ның кадрлардағы жергілікті қамту үлесін арттыру жоспарының орындалуы туралы ақпарат

Санат	Сипаттамасы	ҚР заңнамасына сәйкес талаптар	2023
1+2	Бірінші басшылар және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары	Кемінде 70%	<b>86%</b>
3+4	Кәсіби мамандар / білікті жұмыскерлер	Кемінде 90%	<b>98%</b>

# ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге (ӨБТК) қол қойылғалы бері жергілікті қызметкерлерді дамытуға 240 млн АҚШ долларынан астам қаражат жұмсалды. Тренингтерді қазақстандық және халықаралық мамандар өткізді, сонымен қатар, оқытулар компания ішінде де онлайн және Ақсайдан тыс жерлерде де ұйымдастырылды.

**2023 жылы КПО компаниясында келесі оқыту және дамыту бағдарламалары жүзеге асырылды:**

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРТИФИКАТТАУ БОЙЫНША ОҚЫТУЛАР, АТАП АЙТҚАНДА:

1. Газ, мұнай мен су бөлінген жағдайда ұңғыманы басқару/ұңғыманың қысымын қадағалау (IWCF)
2. NDT – бұзбайтын бақылау бойынша сертификаттау
3. CIPS (сатып алу және жеткізу саласындағы лицензияланған институт) халықаралық дипломы мен сертификатталған бағдарламалар
4. OPIITO стандарты бойынша ірі төтенше жағдайларды басқару және оларды жою мақсатында алғашқы әрекет ету курсы (MEMIR)
5. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық сертификат (NEBOSH)
6. Сертификатталған ішкі аудитор (CIA)
7. Халықаралық қаржылық есептілік бойынша ACCA дипломы
8. Мұнай және газды басқару саласындағы іскерлік әкімшілендіру магистрі
9. Америкалық мұнай институтының стандарттары бойынша сертификаттау (API)
10. Жобаларды басқару саласындағы сертификаттау (PMP)®
11. IECex/Complex сертификаты. Жарылыстан қорғау
12. ASME жабдықтарының жағдайын бақылаушы маман
13. Ұйымдар мен бизнестегі тәлімгерлік (ICF)

14. ISO 9001:2015 (Сапа жүйесінің менеджменті), ISO 50001:2018 Энергия менеджменті жүйесі (ішкі аудитор), ISO 14001:2015 Экологиялық менеджмент жүйесі (ішкі аудитор), ISO 45001:2018 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын басқару жүйесі (ішкі аудитор), Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі + Ақпарат қауіпсіздігі бойынша аудит ISO 27001, ISO 19011 «Аудит жүргізу жөніндегі нұсқаулық» стандарты
15. Халықаралық сатып алу бойынша сертификатталған маман (CIPP)
16. CAPM® – жобаны басқару бойынша сертификатталған маман
17. Ұйымдастырушылық пен дамыту саласындағы CIPD дипломы

## КӘСІПТІК ОҚЫТУ ЖӘНЕ БЕЙІНДІК ДАЯРЛЫҚ

### ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ БОЙЫНША МІНДЕТТІ ОҚЫТУ

### ТІЛ ҮЙРЕНУ КУРСТАРЫ – ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІ

### ОPIITO СТАНДАРТЫНА СӘЙКЕС ӨНДІРІС ОПЕРАТОРЛАРЫ МЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТЕХНИКТЕРІНЕ АРНАЛҒАН КӘСІБИ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

### МҰНАЙ САЛАСЫНДАҒЫ ИНЖЕНЕРИЯ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

## ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ТӘРТІПКЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛелерді тергеу

Еңбек қатынастары – бұл лауазымдық міндеттерін жеке орындағаны үшін еңбекақы алатын қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы келісімге негізделген қатынастар. Еңбек қатынастарына кіріскен қызметкер еңбек заңнамасына бағынуға міндетті, ал жұмыс беруші шартына сәйкес еңбек етуге жағдай жасауға міндетті. Жұмыскерлермен оң және нәтижеге негізделген қарым-қатынасты сақтай отырып, компания өз жұмыскерлерін жағымды жұмыс рухын дамытуға және жұмыс процесіне қатысуға шабыттандыруға тырысады.

Жұмыскерлермен қарым-қатынастың негізгі стратегиясы – салауатты жұмыс ортасын құру арқылы компания мүддесі мен жұмыскерлердің мүддесі арасындағы тепе-теңдікті сақтау.

Еңбек қатынастары көптеген іс-шараларды қамтиды, соның ішінде:

- Кәсіподақтармен жұмыс істеу және олардың қызметін үйлестіру, бұған компания өкілдері мен жұмыскерлер арасындағы келіссөздер де кіреді;
- Жұмыскерлерді марапаттау және көтермелеу бағдарламасын енгізу, бұл жұмыскерлерді жұмысқа тарту үшін маңызды, осылай жұмыскер өзінің рөлін сезініп, өзінің еңбегінің бағаланатынын түсінеді;
- Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі және еңбек ресурстары бойынша саясат шеңберінде («KAZENERGY», «Парыз» және т.б.) республикалық сайыстар мен іс-шараларға қатысу.
- Еңбек даулары мен еңбек тәртібіне қатысты мәселелерді, оның ішінде келістіру комиссияның құзыретіне кіретін істерді шешу;
- Алғытөлем/несие/материалдық көмекке қатысты бағдарламаларды іске асыру. Бұл өтінімдерді дайындауды, оларды Комитеттің қаруына беруді (жеке қажеттіліктерге сұралатын алғытөлемдер, әлеуметтік тұрғыдан жағдайы шамалы жұмыскерлерге, сондай-ақ шұғыл медициналық көмекке мұқтаж жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелеріне материалдық көмек) қамтиды.

## МАРАПАТТАУ

Компания жұмыскерлерін ынталандыру мақсатында КПО-ның 25 қызметкері түрлі марапаттарға ие болды, оның ішінде ҚР Энергетика

министрлігінің, «KAZENERGY» қауымдастығының, БҚО және Бөрлі әкімдіктерінің медалдарымен марапатталды.

## КӘСІПОДАҚТАРМЕН ЖҰМЫС

Кәсіподақтармен жұмыс істеу өте маңызды, өйткені ол жұмыс беруші мен жұмыскерлердің мүдделерін теңестіреді. Жұмыскерлердің еңбек жағдайларын жақсарту әрқашан басты назарда болады.

Ұжымдық шарт – бұл ұжымдық келіссөздер процесінің нәтижесінде Компания да, кәсіподақтар да бірге келген келісім. Кәсіподақтар әлеуметтік және еңбек қатынастарының түрлі бағыттары бойынша ұжымдық шарттардың жобаларын әзірлейді және ұсынылған шарттар бойынша Компаниямен келіссөздер жүргізеді. КПО-да қызметкерлердің мүдделерін төрт кәсіподақ қорғайды:

- «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ;
- «Қарашығанақ КПО және мердігер ұйымдар жұмыскерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ;
- «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.», «TRUST» және мердігерлік ұйымдар жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ;
- «Бөрлі мұнай-газ секторы жұмыскерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ.

2021 жылдың соңында 2022–2024 жылдарға арналған жаңа ұжымдық шартқа қол қойылды. КПО ұжымдық шартының ережелері барлық КПО жұмыскерлеріне олардың кәсіподақта мүшелік етуіне қарамастан қолданылады. 2024 жылдың соңында КПО мен кәсіподақтар 2025–2027 жылдарға арналған жаңа ұжымдық шарт бойынша келіссөздер жүргізуді жоспарлап отыр.

## МӘДЕНИ-БҰҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ ШАРАЛАР

9 ірі спорттық шараны (кәсіподақтармен бірлесіп) өткізу арқылы салауатты өмір салты мен спорттық шараларды қолдау бағдарламасы сәтті іске қосылып, жүзеге асырылды: футболдан 4 жарыс, волейболдан 1 турнир, баскетболдан 1 турнир, «Қазақша Күрес» 1 турнир, үстел теннисінен 1 турнир, жүзуден 1 турнир.

Сонымен қатар, еңбек қатынастары бөлімінің белсенді қатысуымен Ақсай қаласында 2 сенбілік ұйымдастырылып, өткізілді.




# КПО-НЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН СЕРІКТЕСТІГІ

Жоғары оқу орындары мен жұмыс берушілер арасындағы өзара серіктестік – жас мамандарды дайындауға және бейімдеуге көмектесетін ұзақ мерзімді өзара тиімді стратегия.


КПО «Студенттерді жұмысқа орналастыру бағдарламасы» шеңберінде және екіжақты келісімшарттар негізінде ҚР жоғары оқу орындарымен табысты серіктестік құруда. 2023 жылы 17 мамандық бойынша 23 оқу орнынан келген 212 студент КПО-ның түрлі бөлімдерінде практикалық және дипломалды тағылымдамадан өтті. 2013–2023 жылдар аралығында Компания осындай студенттік тағылымдамадан өткен 213 адамды жұмысқа қабылдаған.

КПО-да тағылымдамадан өткен студенттер саны, 2021–2023 жж.



# ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

Біздің мақсатымыз – жарақат алу қаупін барынша азайту және оқыс жағдайлардың ауырлық деңгейін азайту. Қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету – КПО-ның ең басты мақсаты.




КПО компаниясы жыл бойы профилактикалық шаралар арқылы алдын алуға болатын, осылайша жазатайым оқиғалардың пайда болуын ескертетін ықтимал қауіп-қатерлер көздерін анықтау дағдыларына оқытуға басымдық қойып, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен нысандар тұтастығын қамтамасыз ету механизмдерін жетілдіру жұмыстарын жалғастырды. Әзірленген профилактикалық шаралардың сенімділігі, осал жерлерін анықтау мақсатында бірнеше рет диагностикадан өтті.

**ЕҚЖЖ** – Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар = өліммен аяқталған оқиғалар + Еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуға әкелген оқиғалар (ЕУЖО).


**ТТЖ** – тіркелуі тиіс жарақаттар = өліммен аяқталған оқиғалар + Еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуға әкелген оқиғалар (ЕУЖО) + еңбек ету қабілеті шектелген жағдайлар (ЕШЖ) + медициналық көмек көрсетілген жағдайлар (МКЖ).

**ЫҚО** – Ықтимал қауіпті оқиғалар.

2023 жылғы ЕҚЖЖ, ТТЖ, ЫҚО жиіліктері



2023 жылғы ЖКО жиілігі




# ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМУ

КПО Қарашығанақ кен орнын игеруде жергілікті қамтуды барынша арттыру үшін бар күшін салып келеді. Жұмыстар мемлекеттік және салалық бағдарламаларға және жергілікті қамту саласындағы КПО саясатына сәйкес орындалады.

Үздіксіз әрекеттер нәтижесінде 2023 жылы Қарашығанақ жобасындағы жергілікті қамту үлесі 756,1 миллион АҚШ долларына (63,2%) жетті.

**2023 жылы КПО компаниясының жергілікті қамту бойынша жалпы көрсеткіштері 63,2%-ды құрайды.**



КПО тауарлардағы ЖҚ үлесін арттыруды көздеп келеді: 2023 жылы СТ-KZ сертификатымен дәлелденген, 10,7% (22 млн АҚШ доллары) ЖҚ үлесі бар жергілікті кәсіпорындарда өндірілген тауарларға төленген жалпы сатып алудың 24% (49 млн АҚШ доллары).

2016 жылдан бері құны 328,6 млн АҚШ доллары болатын тауарлардың 45 категориясы және құны 738,6 млн АҚШ доллары болатын жұмыстар мен қызметтер түрлері жергіліктендірілді.

2023 жылғы КПО жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасының нәтижелері:



- Тауарлардың 3 түрі жергіліктендіріліп, жалпы сомасы 5,9 млн АҚШ доллары болатын келісімшарттар жасалды;
- Қызметтердің 2 түрі жергіліктендіріліп, жалпы сомасы 18,8 млн АҚШ доллары болатын келісімшарттар жасалды;
- 3 бірегей (ОЕМ) және 2 бірегей емес (non-OEM) жабдықтарды өндірушілерді жергіліктендіру бойынша жол карталарға қол қойылды;
- Жол картасын жүзеге асыруға 2 келісімшарт жасалды.

ҚКЖ-1А (5ГКАК) жобасы аясында:

- Негізгі құрылыс және жобалау жұмыстарын «ККС-СИЧИМ» ЖШС жергілікті консорциумы орындап жатыр;
- Жергілікті қызметкерлер үшін 4000-нан астам жұмыс орны құрылды;
- 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша жергілікті тауарлар, жұмыстар мен қызметтерге 243,71 млн АҚШ долларынан астам қаражат жұмсалған;

1997 жылы ӨБТК қол қойылғалы бері КПО-ның тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу шығындарындағы жергілікті қамтудың жалпы үлесі 10,1 млрд АҚШ долларынан асты.

# ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҚОЛДАУ

2023 жылы КПО әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде құны 43,2 млн АҚШ доллары болатын 18 әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаны жоспарланған мерзім шеңберінде жүзеге асыра алды.

## 2023 ЖЫЛЫ КПО АЯҚТАҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР:

- Ақсай ауруханасының жедел көмек көрсету мүмкіндіктерін жаңғырту;
- БҚО Байтерек ауданы Өркен ауылында 60 орындық шағын мектеп салу;
- БҚО Қаратөбе ауданы Соналы ауылында 60 орындық шағын мектеп салу;
- БҚО Теректі ауданы Абай ауылында 108 орындық шағын мектеп салу;
- БҚО Ақжайық ауданында 160 көрермендік дене шынықтыру және сауықтыру орталығын салу;
- БҚО Ақжайық ауданы Жайық ауылында 60 орындық шағын мектеп салу;
- БҚО Ақжайық ауданы Үлкен Еңбек ауылында 60 орындық шағын мектеп салу;
- БҚО Теректі ауданы Магистральное ауылында 108 орындық шағын мектеп салу;
- БҚО Теректі ауданы Пойма ауылында 108 орындық шағын мектеп салу;
- БҚО Ақжайық ауданы Атамекен ауылында 108 орындық шағын мектеп салу;
- БҚО Қаратөбе ауданы Ханкөл ауылында 60 орындық шағын мектеп салу;
- БҚО Байтерек ауданы Жалын ауылында 54 орындық шағын мектеп салу;
- БҚО Жәнібек ауданы Ақоба ауылында 108 орындық шағын мектеп салу;
- БҚО Байтеректі ауданы Жайық ауылында 108 орындық шағын мектеп салу;
- БҚО Бәйтерек ауданы Садовое ауылында 108 орындық шағын мектеп салу;
- «Хан Ордасы» визит-орталығының ғимаратын салу;
- БҚО Ақжайық ауданы Чапаев ауылында 320 көрерменге арналған дене шынықтыру және сауықтыру орталығын салу;
- Орал қаласындағы Шолохов көшесін Сырым Датов көшесінен Есенжанов көшесіне дейін күрделі жөндеу.

	2021	2022	2023
Жобалардың жалпы саны	15**	17**	24**
Аяқталған жобалар	8/7*	3/14*	13/5*
Іс жүзінде жұмсалды млн АҚШ доллары	26,26	5,6	43,2

\* Жүзеге асыру ұзақтығы бір жылдам астам жобалар (жобаларды келесі жылға көшіру)

\*\* Өткен жылдардан қалған жобаларды қосқанда.



# КОРПОРАТИВТІК ІСКЕРЛІК ТӘРТІП

## КПО-НЫҢ ТӘРТІП КОДЕКСІ

Тәртіп кодексі талаптарды сақтаудың барлық аспектілеріне қатысты КПО-ның негізгі құжаты болып табылады, оның мақсаты – Компания қызметін қорғау. Тәртіп кодексі – бұл КПО-ның қызметкерлері, мердігерлердің қызметкерлері және КПО атынан жұмыс істейтін басқа адамдардың барлығы бірдей сақтап орындауы қажет КПО-ның іскерлік этикасы

мен корпоративтік мәдениетіне қатысты жалпы ережелер жиынтығы.

Тәртіп кодексінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережелер қамтылған, ол ұлттық және халықаралық сауда, денсаулық сақтау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау және ақпарат алмасу сияқты кейбір аспектілерді реттейді.

## КПО-НЫҢ ІСКЕРЛІК ЭТИКАСЫ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТІ

КПО өзінің бизнес қағидаларында, тәртіп кодексінде, парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы нұсқаулығында келтірілген бизнесті жүргізудегі этикалық құндылықтары оның барлық қарым-қатынастарының негізі болып табылатын әділ және әділетті бизнес ортасын құрып, оның сақталуына жағдай жасайды.

КПО-ның барлық жаңа қызметкерлері КПО іскерлік этика және корпоративтік мәдениет бойынша кіріспе курстан өтеді және КПО-ның әрбір қызметкері жыл сайын әдеп және нормаларға сәйкестік бойынша оқытудан өтуге міндетті.

## КПО-НЫҢ ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІ

2012 жылдан бастап Компанияның этикасына және нормаларға сәйкестік бағдарламасын қолдау мақсатында тегін, анонимдік және құпия жедел желі жұмыс істеп келеді.

Жедел желі КПО қызметкерлері, мердігерлер және мүдделі тараптар үшін қолайлы жұмыс ортасын құру шеңберінде алаяқтықпен, зорлық-зомбылықпен және жұмыс орнындағы басқа да

заңсыз әрекеттермен күресудің маңызды құралы болып табылады. Жедел желіні тәртіп кодексіне қатысты барлық ереже бұзушылықтар және ықтимал құқықтық және этикалық ереже бұзушылықтар, кемсітушілік, жыныстық оймен тиісу, мүдделер қақтығысы, парақорлық және т.б. сияқты басқа да ықтимал мәселелер туралы хабарлау үшін пайдалануға болады.

## КОНТРАГЕНТТЕРДІҢ ЭТИКАЛЫҚ СЕНІМДІЛІГІН ТЕКСЕРУ

КПО ықтимал мердігерлердің әрқайсысымен байланысты қауіп-қатерлерді анықтау және қауіп-қатерді төндіруі мүмкін мәселелерді тиісінше реттеу шараларын айқындау мақсатында 2012 жылдан бастап компанияларды этикалық сәйкестік тұрғысынан тексеру бағдарламасын іске асырып келеді.

Атап айтқанда, этикалық тексеру мақсатында әрбір әлеуетті мердігерге толық ақпарат көрсетілу керек сауалнама беріледі, онда серіктес ұстанатын бизнесті жүргізудің этикалық қағидаларына қатысты сұрақтар қойылған. КПО этикалық сәйкестік

тұрғысынан тексеру үшін сонымен қатар ашық ұлттық және халықаралық дерекқорларды (соның ішінде салық және сот дерекқорларын) және басқа да ашық дереккөздерден алынған ақпаратты пайдаланады.

КПО келісімшартының үлгілік нысанына түрлі міндеттемелерді енгізіп, өзінің мердігерлерінен Қазақстан Республикасының заңнамасын және сыбайлас жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы күрес туралы халықаралық заңнаманы сақтауды талап етеді.

## 2023 ЖЫЛҒЫ КПО-ДАҒЫ «ЭТИКА КҮНІ»

2023 жылы КПО Заң директорының бастамасымен және қолдауымен «Этика күні» өтті. Бұл шараға бірінші және екінші деңгейдегі КПО басшылығы, сондай-ақ «Шелл» мен «Эни» өкілдері қатысты. Бұл шара этикалық

көшбасшылыққа қатысты мәселелерді, соның ішінде этика мен сәйкестіктің өзекті тақырыптары бойынша пікірталастарды талқылауға мүмкіндік берді. «Этика күні» компанияда жыл сайын ұйымдастырылатын шараға айналады.

## ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Қарашығанақ кен орнын дамытумен бірге, КПО жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасты нығайту, яғни экономикалық өсуге және дамуға қолайлы жағдай жасау арқылы өз қызметтерінен болатын кері әсердің алдын алу немесе барынша азайту және пайданы арттыру бағытында жұмыстанып келеді. Компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясаттары, стандарттары мен процедуралары Халықаралық қаржы корпорациясының (ХҚК) қызметтер стандарттарына негізделген.

Компанияның әлеуметтік жауапкершіліктің маңызды қағидаларының бірі жергілікті халықпен сындарлы екіжақты қарым-қатынас жүргізу болып табылады. КПО-ның демеушілігімен өтетін консультациялық кеңестердің тұрақты отырыстарында көршілес ауылдық тұрғындарға өз мәселелерін ортаға салуға, ұсыныстар енгізуге, шағымдарын жеткізуге, бірден сол жерде кері байланыс алуға және КПО-ның ағымдағы және жоспарлаған қызметі туралы соңғы ақпаратты алуға мүмкіндік беріледі. 2023 жылы Қарашығанақ кен орнының айналасында орналасқан үш ауылдық округте (Приурал, Жарсуат және Успен) 14 жиналыс өткізілді. Кездесулер барысында КПО мамандары Жергілікті қауымдастықтарды

дамытуға көмек көрсету бағдарламасы мен экологиялық мониторинг туралы ақпарат берді.

Жастар мен егде жастағы адамдарды қолдауға бағытталған жергілікті қауымдастықтарды дамытуға көмек көрсету бағдарламасы аясында 2023 жылы КПО Бөрлі ауданы егде жастағы адамдарға «Ақжайық» шипажайында демалуға 250 жолдама берді. КПО-ның Жергілікті тұрғындарға арналған стипендия бағдарламасы аясында Батыс Қазақстан облысының колледждері мен университеттеріне оқуға түскен жеті студенттің бесеуі төртінші курста оқуын жалғастырып жатыр. КПО олардың оқуға жұмсалған шығындарын өтейді және ай сайынғы стипендиясын төлеп тұрады. 2 студент оқуын бітіріп, мамандығы бойынша жұмысқа орналасты.

2023 жылы КПО ауылдарда тұратын 74 баланың Орал қаласындағы жазғы лагерьде демалуына демеушілік жасады. Бұл бағдарлама балаларға оқуына, табиғаттан ләззат алуға және жаңа достар табуға мүмкіндік беретін ойын-сауық, білім беру және спорттық шаралардың кең ауқымын қамтиды. Осы бағдарламаны жүзеге асырудың жиырма жылында КПО көрші ауылдарда тұратын екі мың баланың жазғы демалысына демеушілік жасады.





**КПО ЭЛЕУМЕТТИК ЖЕЛІЛЕРІ:**

